



ЖШС «Нұрай-2025» бекіткен
балабақшасының Мәжілісіндегі
С. Сәдуақасова
«30» мамыр 2025ж

**2024-2025 жылдың жазғы кезеңіне
арналған сауықтыру
іс-шараларының
жоспары**

2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және шектеулерді сақтау туралы; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.	Мамыр, маусым	Меңгеруші, әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу; - табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында жүру ережесі.	Мамыр, маусым	Әдіскер, тәрбиешілер
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, методикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру.	Мамыр	Әдіскер
II кезең. Әкімшілік – басқару бақылауы		
Әкімшілік – шаруашылық жұмыстарының орындалуын бақылау және дайындау: - жұмыс орнында жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, спорттық алаңдардағы қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу;	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі

<ul style="list-style-type: none"> - ойын алаңдарын дайындау; - жаздык шатырларды тазалау, әрлеу. <p>2) спорт алаңдарын дайындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрал-жабдыктарды жанарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, денешынықтыру және т.б.); <p>3) бассейнді дайында (бар болған жағдайда)</p> <ul style="list-style-type: none"> - қауіпсіздікті тексеру. 		
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін, мерекелік және бұқаралық іс-шараларының ұйымдастырылуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
<p>Назарға алынған бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық. 	Маусым-тамыз	Менгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
<p>Жедел бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы. 	Маусым тамыз	Менгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
<ul style="list-style-type: none"> - жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - «шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқау беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, 	Маусым-шілде	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері

семинар және т.б); - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен балаларды дамыту талаптарына сәйкестігін бақылап, жетілдіріп отыру.		
Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі». Семинар – практикум: 1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері»; 2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары». <i>Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрлері қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.</i>	Жазғы сауықтыру кезеңі бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт » бөлімінде 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - буклеттер; - жаднамалар; нұсқаулықтар; инфографикалық ақпараттық парақшалар; кітапшалар; электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. 2. Санитарлық бюллетендер шығару: «Ішек жұқпасы»; «Кене энцефалиті»; «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер, Дәрумендер».	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер
IV Балалармен жұмыс		
«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескеріп отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын арттыру (модель 34 т.); балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 36 т.); ойына ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгеруді ойын нысанында іске асыру (модель 26 т.); педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қалмай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы

таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.);				
әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.);				
V Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары				
Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы		
таза ауадағы дене шынықтыру; танертенгі жаттығу; ұйқыдан ояту жаттығулары; сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы		
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Мамыр айының соңында	Медициналық қызметкер		
Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар; Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар; Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу(мүмкіндігінше таза ауада).	Жоспар бойынша	МДҰ менгерушісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер		
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: дозаланған күн ванналары; суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзінемассаж жасау; ауа ванналары; терезені ашып қойып ұйықтау; -ауызды және тамақты шаю; ауыз-су ішу режимі; тыныс алу жаттығулары.	Күн сайын	Тәрбиешілер		
Арнайы жаттығулар: түзету жаттығулары; майтабандылықтың алдын алу; дене сымбатының бұзылуының алдын алу; артикуляциялық жаттығулар; тыныс алу жаттығулары; ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер		
Балалармен әңгімелесу: - «Денсаулық сағаты».	Күн сайын	Медициналық қызметкер		
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер		
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медицина қызметкері, бас-аспаз		
VI Ата-аналармен жұмыс				
ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу;	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер		

ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу;
жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта);
іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).

VII Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау

Жазғы сауықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу	Тамыз	Тәрбиешілер, медицина қызметкері
Жазғы сауықтыру кезеңі педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Менгеруші, әдіскер

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Күнделікті атқарылатын іс-шара

«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертенгіліктер, мерекелер, ойын-сауық	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене тәрбиешілері, нұсқаушысы, казак тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі
«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі
«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру : әзірлеу	Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті Ата-аналарға арналған жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	Мектепке дейінгі ұйымның, сыныптың педагогтері, ата-аналар
«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, дербес шығармашылық іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене тәрбиешілері, нұсқаушысы, казак тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі

құпиян қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге, қызығушылығын артыру

Апта сайын

«Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертегіліктерде ересек және мектепалды топтардың мектепалды сыныптарының тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Оңданын орындауы	Ертегіліктер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы
«Апта дәйек сөздері» - ақпараттық етеңдерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату	Дәйексөздерді ақпараттық етеңдерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері
«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі

МАУСЫМ - ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҒАНЫЛДЫҚ АЙЫ

«Бала тілі бала» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам	Танымдық, эксперименталдық әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның іс-тәрбиешілері
Ұлттық ойындар «Тенге алу», «Орамал тастамақ».	Ұлттық ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Жаңа өмір сыйлайық!» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	Қалдық жасалған бұйымдарының көрмесі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар

ШІЛДЕ – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІН АЙЫ

«Айырмашылығын тап», «Бестемше», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (зағтарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, ұлттық сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін)	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Біз табиғат қорғаушылармыз!»	Танымдық, эксперименталдық әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның іс-тәрбиешілері

ТАМЫЗ - ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

«Бағдаршам және біз.»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
-----------------------	-----------------------------------	---------------------------------------

Алдын алу шаралары «Балабақша өз үйім» (Қоғамдық мүлікті қорға)	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Адалдық аланы»	Мультфильм карау	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Бағдаршам және біз.»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібінің үлгісі

Режимдік сәттер, іс-әрекет	Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері
Балаларды далада қабылдау 8.00 – 8.50	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, (басқа балаларды қабылдап болғанша) өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.
Таңғы гимнастика 8.50 – 9.00	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауға ұстау.
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (<i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i>).
Таңғы асқа дайындық Таңғы ас 9.00 – 9.15	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 9.15 – 9.50	Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-кеңістіктік ортаны дайындау. Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру. Проблемалық жағдаяттарды шешу. Балалардың қызығушылықтары бойынша әркетті ұйымдастыру мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл белсенділігі, коммуникативтік байланыс, еңбекке баулу, драмалық және театрландырылған ойындар арқылы қамту.
Серуенге дайындық 9.50 – 10.00	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>), серуенге мотивация (<i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i>), көркем сөзбен ынталандыру (<i>мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, өлеңдер</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күндізгі серуен 10.00 – 12.10	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне

	<p>мүмкіндік беру. Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар.</p>
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Уқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (<i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i>).
Түскі асқа дайындық 12.10 — 12.25	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.
Түскі ас 12.25 — 12.45	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Күндізгі ұйқы 12.45 — 15.10	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық ты сақтау.
Ұйқыдан тұру 15.10 — 15.20	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлік жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).

Бесін асқа дайындық Бесін ас. 15.20 – 15.30	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жыюу, тамақты піше). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 15.30 – 16.00	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (ойын ішінде оңірлік ерекшелікті ескерумен). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Серуенге дайындық 15.30 – 16.00	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жазбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Серуендеу 16.00 – 17.30	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғат құбылыстарын бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың қиялы мен ойын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан ойыншыстармен ойнату.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес 17.40 – 18.30	Ата-анамен өткен күннің нәтижесі және алдағы күннің жоспары, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу. Кеңес беру, пікір алмасу.
Ескерту: суға шомылу, күнге қыздырыну және басқа емшаралар күн тәртібіне медбикемен келісіліп енгізіледі.	